

Алдағы сынақтардан сүрінбей өту біздің өзімізге, бекем бірлігімізге байланысты. Ауызбіршілік пен тұрақтылық болғанда ғана еліміз өсіп-өркендей алады.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ДАҢҚ



ЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ,
ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ

ТҮЛФАНАУ



ӘЛЕМГЕ АТЫ
МӘШҰР
ҒАЛЫМ

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.11.2021

Түнде:



-6-8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
2-7 м/с

21.11.2021

Түнде:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ОТАНДЫҚ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

Қазақстанның «жасыл экономикаға» өту жүйесіндегі маңызды бағытына айналуы керек



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Алматы қаласына келді. Президенттің оңтүстік мегаполиске жұмыс сапары қаржы секторының өкілдерімен кездесуден басталды.


Алматыдағы резиденцияда өткен жиынға Президент Әкімшілігінің басшылық құрамы,

мемлекеттік органдардың, ірі қаржы құрылымдары мен банктердің басшылары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай құрамдағы кездесудің алғаш рет өткізіліп отырғанына назар аударды. Президенттің айтуынша, жиынды өткізуге еліміздің қаржы секторында шешілуге тиіс қордаланып қалған мәселелер түрткі болған.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

РЕВАКЦИНАЛАНУ – ҚАЖЕТТІЛІК!



Алматының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте дерт жұқтырған алматылықтардың 82%-ы ковидке қарсы екпе алмағандар екенін айтты.

Бас санитарлық дәрігер 24 қазан мен 14 қараша аралығында мегаполистің «сары» аймақта болғанын еске салды. Апта басында Алматы «жасыл» аймаққа көшкен болатын. Себебі, қала тұрғындары да, ұйымдар да «қызыл» аймақтан шыққан соң да карантиндік шектеулерді сақтады.

ҚЫСҚА...

- 2022 жыл Ахмет Байтұрсынұлына арналмақшы.
- Елордадағы 15 жылдық тарихы бар Нұр-Астана мешіті ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби есімімен аталды.
- Қарағандыда Тұңғыш Президент күніне және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ерлер арасында асық аюдан, ал әйелдер арасында бес асықтан облыс кубогі басталды.
- Отандық ғалымдар «Су тасқынын болжайтын планшет» қосымшасын жасап шығарды. Ол агрономдарға жақсы көмекші құрал болмақ.
- 30 қараша мен 4 желтоқсан аралығында Алматыда IX халықаралық «Бастау» студенттік және дебюттік фильмдер кинофестивалі өтеді.

www.almaty-akshamy.kz





Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ОТАНДЫҚ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

Қазақстанның «жасыл экономикаға» өту жүйесіндегі маңызды бағытына айналуы керек

(Басы 1-бетте)

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – КЕШЕНДІ БАҒДАР

– Кейінгі 1,5 жылдағы белгілі бір қиындықтар қаржы нарығына да оңай тиген жоқ. Мұндай жағдайда біздің басты міндетіміз экономикада да, қаржы жүйесінде де тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін дағдарысқа қарсы кешенді шараларды іске асыру болды және солай бола берді. Негізі, біз өсім траекториясына шыға алдық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін кездесуге қатысқандардың сөздерін тыңдаған Президент осы бағыттағы бірқатар нақты міндетке назар аударды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, қаржы секторының тұрақтылығына тоқталды. Сондай-ақ, бүгінде қаржы секторының дәріменсіз банктерден арылғанын, ал сауықтыру аясында 6,6 триллион теңгеге жуық нашар несиелер есептен шығарылғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, өтеу мерзімі 90 күннен асқан қарыздардың деңгейі банктердегі несие портфелінің 4,3 пайызын құрайды. Бұл – соңғы 13 жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Президент осыдан қорытынды шығарып, жинаған тәжірибе негізінде жиі қайталанатын тәуекел-қатерлердің алдын алу шараларын күшейту қажет екеніне тоқталды.

Президенттің айтуынша, банктер мемлекеттік қолдаудың арқасында бүгінде экономиканы несиелеу бойынша зор әлеуетке ие болып отыр. Банк жүйесіндегі өтімділігі жоғары активтердің көлемі – 12,2 триллион теңге.

– Биыл тұрғындар сұранысының белсенді түрде қалыпқа келе бастағанын байқап отырмыз. Тұтынушылық несие 32,8 пайызға артқан. Несие алушылар 6,1 миллион адамға жетті. Бәлкім, бұл қалыпты үдеріс. Алайда, азаматтарымыздың қарыз жүктемесіне тиімді бақылау жасау маңызды. Қазіргі уақытта 545 мың адамның қарызын өтеу мерзімінің кешеуілдеуі 90 күннен асқан. Мәселе еліміздің қаржы тұрақтылығына төнген тәуекел-қатерде ғана емес. Бұл көптеген азаматтарымыздың қаржы тапшылығымен бетпе-бет келгенін білдіреді. Бұл әлеуметтік және саяси тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін, – деді Президент.

КОЛЛЕКТОРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН АСЫРА ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ТЕТІКТЕРІ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы борышкерлерге қатысты қаржы нарығындағы өкілдердің шектен шығу әрекеттеріне тоқталды.

– Несие мекемелерінің басшыларына ішкі рәсімдерді күшейту мәселесін пысықтауды, сондай-ақ жекелеген қызметкерлер мен сырттан тартылатын коллекторлардың қызметтерін асыра пайдалануға жол бермеу тетіктерін қарастыруды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент шағын және орта бизнесті несиелеу, оның ішінде ауылдардағы кәсіпкерлік бастамаларды дамыту еліміздің қаржы секторының басты басымдығы болуы керек деп есептейді. Мемлекет басшысының айтуынша, тұрақты және арзан қор жасау көздерінің жоқтығы микроқаржыландыру нарығындағы негізгі мәселенің бірі.

– Мұндай ұйымдардың қызметі екінші деңгейлі банктерден алынатын қарыз бен жеке қаражат есебінен қаржыландырылады. Нәтижесінде тұтынушылар үшін несиелердің құны жоғары болады. Сондықтан Үкіметке Агенттікпен бірлесіп, микроқаржы ұйымдарының қолжетімді әрі ұзақ мерзімді қаржыландыру тетіктерін пысықтауды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ҰЛТТЫҚ ҚОР НАРЫҒЫ – СЕНІМДІ БАЛАМАЛЫ ҚҰРАЛ

Мемлекет басшысы айтқан тағы бір өзекті міндет – ұлттық қор нарығын дамыту. Оның айтуынша, отандық қор нарығы тұрғындардың қаражатын жинайтын сенімді баламалы құрал болуы қажет.

– Отандық қор нарығы үшін 2022 жылы жекелеген ұлттық компаниялардың Халық IPO бағдарламасына енуі маңызды оқиға болмақ. Агенттік пен Ұлттық банк Самұрық-Қазына мен Үкімет жүргізіп жатқан жұмысқа белсенді түрде атсалысуы қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы секторын цифрландыруды дамыту маңызды екеніне назар аударды. Мемлекет басшысы осы салада оң қарқын бар екенін атап өтіп, қаржы инновацияларын енгізуге қолайлы жағдай жасау жөніндегі кешенді жұмысты жалғастыру керек екенін айтты.

– Біздің қаржы институттарымыз осы сәтті пайдаланып, ауқымды міндеттерді шешуі керек. Біреудің тәжірибесін көшіріп алудың қажеті жоқ, керісінше Қазақстан аумағымен шектеліп қалмай, қызметтердің жаңа форматын дамытып, ілгерілету керек. Мемлекет бұл бастамаларға жан-жақты қолдау көрсетеді. Біз инновациялық экономика мен қаржылық экожүйені жаңадан қалыптастыру кезеңідеміз. Алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Мемлекет басшысы ретінде мен үшін бүкіл экономикамызды жаңа инновациялық даму жолына салу – басты міндет, – деді Мемлекет басшысы.

ЦИФРЛЫҚ ВАЛЮТАЛАРДЫ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗУ – МАҢЫЗДЫ

Президент цифрлық валюталарды айналымға енгізу маңызды екеніне тоқталды. Бұл ретте болашақ қаржы жүйесінің негізіне айналуы мүмкін цифрлық теңге енгізу мәселесін қарастырған жөн екенін айтты.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев криптовалюта нарығын дамыту мәселесіне де тоқталды.

– Криптовалюталар – объективті фактор және оларға немқұрайлы қарауға болмайды. Олардың қолданыстағы қаржы жүйесіне әсер ететін тәуекел-қатерлері мен әлеуетін нақты бағалау қажет. Сондықтан елімізде криптобиржаларды құру үшін теңдестірілген реттеу шарттарын қалыптастыру жұмыстарын жандандыру қажет. Басқаша

айтқанда, криптовалюталарды шығару бойынша әлемдегі екінші ел бола тұра, қаржы қайтарымын көрмей отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы қаржы секторын климат жөніндегі күн тәртібінің талаптарына бейімдеуге қатысты мәселеге арнайы тоқталды.

– Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқарудың тұрақты даму қағидаттарының әсер етуіне байланысты қаржы секторындағы трансформацияның қарқыны артқанын бәріміз көріп отырмыз. Бұл біздің елімізге де тікелей қатысты. Қарқынды даму ұлттық экономикамызға салмақ салғанымен, екінші жағынан оны тұрақты дамытуға және әртараптандыруға көшіру үшін қосымша мүмкіндіктер де беріп отыр. Осыны ескере отырып, отандық қаржы секторы Қазақстанның «жасыл экономикаға» өту жүйесіндегі маңызды бағытына айналуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы атом энергетикасын дамытудың өзектілігіне, соның ішінде Атом электр станциясын салу мәселесіне де тоқталды.

– Түптеп келгенде, біз бұл мәселеге қатысты нақты шешімге келеміз деп ойлаймын. Қазақстанда электр энергиясының тапшылығының алғашқы белгілері қазірдің өзінде байқалады. Әрине, электр қуатының жаппай жетіспеушілігі туындаған жоқ. Әзірге тепе-теңдік бар. Алайда, алғашқы белгілері білінуде. Сондықтан болашақты ойласақ, біз атом станциясының құрылысына қатысты нақты шешім қабылдауымыз керек. Басшының міндеті де тиімді шешім қабылдау, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Ұлттық банкке Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, бүгінгі айтылған мәселелер мен ұсыныстарды пысықтауды тапсырды. Осы ретте Президент нарыққа қатысушылардың іс-қимылдарын үйлестіру жұмыстарын өз Әкімшілігіне жүктеді.

– Бұл оңтайлы әрі қолайлы. Қажет болған жағдайда бүгінгі айтылған ұсыныстарды Қаржы секторын дамытудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу барысында

ескерген жөн. Аталған құжаттың барлық басым бағыты негізгі мақсатқа, яғни отандық қаржы жүйесінің экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға қосатын үлесін арттыруға негізделуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮЙІ «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапары аясында жаңадан ашылған Әлеуметтік қызмет көрсету үйіне барды.

Президент қызмет көрсету залын аралап көріп, орталықтың күнделікті атқарып жатқан жұмыстарымен танысты. Мемлекет басшысына мекеменің республика бойынша әзірге жалғыз әлеуметтік орын екені және осы тәжірибені ел көлемінде қолданысқа енгізу қарастырылып жатқаны жөнінде мәлімет берілді.

Бұл мекеме халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарына, тұрмыстық мәселелерімен жүгінген азаматтарға «бір терезе» қағидаты бойынша түрлі салада қызмет көрсетеді. Аталған орталыққа тіршілік тауқыметін тартқан, отбасылық келіспеушілік пен қиындықтар көрген азаматтар жүгінетіні ескеріліп, онда адвокат, психолог бөлмелері ашылған. Сондай-ақ, мұнда балаларымен келген қонақтарға ыңғайлы болу үшін ойын алаңы да қарастырылған.

«БІЗДІҢ АТҚАРҒАН ІСІМІЗ АЗ ЕМЕС, ДЕГЕНМЕН ӘЛІ ДЕ ЖҰМЫС КӨП»

Президент Алматы қаласына жұмыс сапары аясында 1970 жылы өзі бітірген Ілияс Есенберлин атындағы №25 мектеп-гимназиясына барды.

Мемлекет басшысы заманауи интерактивті оқу құралдарымен жабдықталған кабинеттерді, акт залы мен мектеп кітапханасын аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаев кезінде өзі оқыған сыныпқа кірді. Қазіргі уақытта бұл кабинетте француз тілі оқытылады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы мектеп тарихына арналған музейдің экспозициясымен танысты. Онда оқу ордасының өткені туралы түрлі архив құжаттары, белгілі тұлғалардың өмірбаяндары мен фотосуреттері жинақталған.

Содан кейін Президент мектеп кітапханасындағы Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 1970 жылы 10 «В» сыныбының атынан өзі жазған хат көрсетілді. Бұл хат уақыт капсуласына салынып, мектеп қабырғасына қаланған екен.

«Біздің атқарған ісіміз аз емес, дегенмен әлі де жұмыс көп. Біз 10-сыныпты жақсы бітіруге уәде береміз. Институтқа түсу емтихандарын жақсы тапсыруға уәде береміз. Ал оны бітірген соң жұмыс істейміз. 2017 жылы 64-65 жасқа толған кезімізде сіздердің көздеріңізге тік қарауға ұялмайтындай болып келуге уәде береміз», – деп жазылған хатта.

Дәстүрді жалғастырған 11-сынып оқушылары Мемлекет басшысымен бірге 2050 жылға арналған хатты уақыт капсуласына салып, мектеп қабырғасына қойды.

БІЗ ЭКОЛОГИЯНЫ ЖАҚСАРТЫП, ТҰРҒЫНДАРДЫ ТАЗА АЗАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласындағы Айтқали Жақұтов атындағы екінші жылу электр станциясында болды.

Президент станция аумағында жаңадан салынатын қуаты 600 МВт болатын бу-газ қондырғысының құрылысына дайындық жұмыстарымен танысты.



«Самұрық-Қазына» ҰОҚ» АҚ басқарма төрағасы Алмасадан Сәтқалиев Президентке қалалық энергетика кешенін жаңғырту нәтижесінде ауаға тарайтын зиянды қалдықтар 2026 жылға қарай жылына 50,4 мың тоннадан 6,7 мың тоннаға дейін азаятыны туралы мәлімет берді. Содан кейін энергия кешеніне ауқымды жаңғырту жұмыстарының басталғанын білдіретін естелік капсуласын қоюдың салтанатты рәсімі өтті.

Президент шараға қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде жаңа қондырғының құрылысы бүкіл қалалық энергетика кешенін жаңғырту жұмыстарының басталғанын білдіретінін атап өтті.

— Алдағы бес жылда Алматы мен Алматы агломерациясы тұрақты энергиямен және жылумен қамтамасыз етіледі. Белгіленген жоспарды жүзеге асыру тұрғысы-

етеміз. Мен үшін бұл аса маңызды. Менің тапсырмам бойынша Үкімет қаланың ауасын тазарту үшін қажетті шараларды қабылдайды деп алматылықтарға уәде бердім. Шын мәнінде, бірнеше жыл бойы қала тұрғындары экологияның ластануынан зардап шегіп келді. Біз бұл мәселені түбегейлі шешуіміз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жобаның ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жүзеге асырыла бастауының символдық мәні бар екенін айтты.

— Бұл бастама Алматының жасыл әрі таза қала деген бұрынғы мәртебесін қайтарып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыратынына сенімдімін, — деді Президент.

Шара соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ЖЭО-2 жұмысшыларымен әңгімелесіп,

қытта саябақтың аумағын 63 гектарға дейін кеңейту көзделіп отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Іле Алатауы табиғи паркі мен Алматы қорығы аумағында саяхатшылар мен альпинистердің қауіпсіздігі мен жайлы демалысы үшін салынған шағын үйлер көрсетілді. Олар жылыту пештерімен және төтенше жағдайда қажетті құтқару құралдарымен жабдықталған.

Мемлекет басшысы саябаққа тал егіп, қала тұрғындары мен қонақтардың жайлы демалуына, қауіпсіздігіне және қоршаған ортаның тазалағына баса мән берілген жұмыстардың жалғаса беретініне сенім білдірді.

— Мен Қазақстан бойынша 2 миллиард түп көшет отырғызу бастамасын ұсындым. Өйткені біз, шын мәнінде, көгалдандыруға зәруміз. Алматы бұрын жасыл қала еді. Өкінішке қарай, қазіргі кезде бұл мәртебесін жоғалтып алды. Айырылып қалған мәртебемізді қайтаруымыз керек. Ағаш егу — биік мәдениеттіліктің белгісі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ALATAU CREATIVE HUB» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапарының соңында «Alatau Creative Hub» инновациялық орталығына барды. Нысан «Шетсіз қала» стратегиясын жүзеге асыру аясында былтыр желтоқсан айында ашылған. Орталықта компьютерлік бағдарламаларды жасауды үйренуге, креативті индустрияны дамытуға, шығармашылық әлеует пен виртуалды өнерді дамытуға мүмкіндік бар. Жалпы мұнда түрлі бағыттар бойынша 25 үйірме тегін жұмыс істейді. Президентке кітапхана, балалардың ойын алаңы, вокал студиясы, IT зертхана, электр техникасы мен робот техникасы залдары, дәстүрлі музыкаға арналған мультимедия орталығы таныстырылды. Бұдан бөлек Мемлекет басшысына цифрландыру құралдарын қолдануға, креативті индустрияны дамытуға арналған презентациялар көрсетілді. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Президентке қаланың көлік жүйесін дамыту жөнінде баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев орталық қызметкерлерімен және онда келушілермен әңгімелесіп, суретке түсті, сондай-ақ олардың жұмысына табыс тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



нан алғанда, Мемлекет басшысының өзі осы капсуланы қалап, тиісті жұмыстарды бастап бергені үлкен жауапкершілік жүктейді, — деді Президент.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» қорының төрағасы мен қала басшылығына, сондай-ақ ЖЭО қызметкерлеріне барлық жұмысты мерзімінде және сапалы орындауға шақырды. Сонымен қатар, аталған өңір еліміздің негізгі экономикалық орталықтарының бірі болғандықтан, бұл жұмыстардың аса маңызды екенін атап өтті.

— Ең бастысы, біз экологияны жақсартып, тұрғындарды таза ауамен қамтамасыз

оларды бүгінгі айтулы оқиғамен құттықтады.

«БІЗ, ШЫН МӘНІНДЕ, КӨГАЛДАНДЫРУҒА ЗӘРҰМІЗ»

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласындағы жаңадан ашылған Қарағайлы саябағын аралап көрді. Президентке Алматы қаласын көркейтуге бағытталған алдағы жұмыс жоспары мен көгалдандыру ісінің ауқымы туралы есеп берілді. Мемлекет басшысына «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында қала бойынша 3 жылда 1 миллион түп көшет отырғызу жоспарланғаны жөнінде баяндалды. Биыл 350 мың көшет егу жоспарланып отыр. Алдағы уа-



САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыдағы
Перинатология және
балалар кардиохирургиясы
орталығында 10 жыл ішінде

50 000

нәресте дүниеге келген.



Жыл басынан бері
қалалық Жер қатынастары
басқармасында

10 000-нан астам
өтініш қаралды.



Алматыда әлеуметтік аз
қамтылған отбасыларға
мектепке дайындық үшін
қалалық бюджеттен

800 млн.

теңгеден
астам қаржы бөлінді.



Шаһарда жыл басынан бері

72

жекеменшік балабақша
ашылған.



Алматыда электрондық
сауда көлемі

551 млрд. теңгеге
жеткен.



Республиканың барлық өңірлерінде дерлік шектеу шараларының сақталуына қарамастан, БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына жарналар түсіп жатыр. Оларға 2020 және 2021 жылдары есептелген инвестициялық табыс өткен жылдардың көрсеткіштерінен асып түсті. БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға өз шоттарын бақылау және басқа да зейнетақы қызметтерін алу мүмкіндігін жеңілдету үшін барынша заманауи әрі ыңғайлы қызметтерді ұсытуда. Бұл туралы бізге «БЖЗҚ» АҚ Алматы қаласындағы филиалының директоры Нұрлан Слэмбекұлы Әміренов айтып берді.

– Нұрлан Слэмбекұлы, ағымдағы жыл зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне елеулі өзгерістер енгізді. Олардың ең бастыларына тоқталып өтсеңіз...

– Ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі – қазақстандықтардың өз жинақтарының бір бөлігін ағымдағы кезек күттірмейтін қажеттіліктерге, атап айтсақ, тұрғын үй жағдайларын жақсарту мен емделуге пайдалану құқығы. Сондай-ақ, салымшыға инвестор болу – инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау және оған өзінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін аудару мүмкіндігі пайда болды. Жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану және Инвестициялық портфельді басқарушыларға аударудың басты шарты – жинақтардың жеткіліктілік шегінен асатын бөлігінің болуы. Басқаша айтқанда, бұл мүмкіндікті көптеген жылдар бойы тұрақты түрде (қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесіне биыл 23 жыл) аударымдар жасап және зейнетақының ең төменгі мөлшерін қамтамасыз ету үшін қажетті соманы жинақтағандар пайдалана алады.

Зейнетақы жинақтарының ұлғаюына және кейін оларды ұзақ мерзімді пайдалануға ықпал ететін басқа да маңызды жаңалықтар бар. Мысалы, БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері әдістемесінің, ерікті зейнетақы жарналарын ашу және төлеу шарттарының өзгеруі.

– Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану үдерісінде БЖЗҚ-ның атқаратын ролі қандай?

– Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар тұлғалар өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және емделу ақысын төлеу үшін пайдалана алады, ол үшін:

1) жеке зейнетақы шотындағы МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы жинақталған зейнетақы қаражатының ең аз жеткіліктілік шегінен асуы тиіс.

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының (алушының) МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы мен жинақталған зейнетақы қаражатының ең аз жеткіліктілік шегі арасындағы айырма сомасынан аспауы тиіс.

2) ал отставкадағы судьялар үшін зейнетақы мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен айқындатын 40 пайыздан төмен емес деңгейде алушының орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін қамтамасыз етеді. Орташа айлық табысты алмастыру коэффициентін есептеу кезінде алушының зейнеткерлікке шығу күнінің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық табыстан аспайтын табысы ескеріледі.

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының (алушының) МЗЖ және МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауы тиіс.

3) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасағандар үшін. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері салымшының (алушының) жеке зейнетақы шоттарындағы МЗЖ және МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының мөлшерінен аспауы тиіс.

Осылайша азаматтардың өз пайдасына немесе жұбайының, жақын туыстарының тұрғын үй жағдайларын жақсартуға зейнетақы жинақтарын алу үшін, емделуіне ақы төлеу үшін аталған шарттардың біріне сай келуі жеткілікті.

Ең алдымен, азаматтар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану құқығын іске асыру үшін өздерінің зейнетақы жинақтарын тексеріп, БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотында алуға қолжетімді со-



маның бар екеніне көз жеткізулері тиіс. Қордың eprf.kz корпоративтік сайтындағы жеке кабинетте, сондай-ақ, БЖЗҚ жаңартылған мобильді қосымшасында осы жылдың қаңтар айынан бастап алу үшін қолжетімді сома туралы ақпаратты онлайн-режимінде тексеру мүмкіндігі іске асырылды. Зейнетақы жинақтары туралы қажетті мәліметтерді egov.kz порталы арқылы да алуға болады.

БЖЗҚ-дағы өзінің зейнетақы жинақтарын тексергеннен кейін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану туралы шешім қабылдаған салымшылар (алушылар) арнайы шот ашу және электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, біржолғы зейнетақы төлеміне өтініш беру үшін уәкілетті операторға интернет-порталы арқылы жүгінуге тиіс.

Бұл ретте уәкілетті операторға төлем жасауға өтініш берген кезде салымшы (алушы) біржолғы зейнетақы төлемі кезінде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу тәсілін өзі таңдауы тиіс (жарналарды БЖЗҚ-ға аударған кезде ЖТС алынбайтын естеріңізге саламыз). Яғни азаматтар БЖЗҚ-ға ЖТС-ті біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан қай уақытта ұстап қалу керегін өздері көрсетеді. Оның екі жолы бар: бірден толық көлемде немесе кейінге қалдырылған кезеңде алу (зейнетақы төлемдерінің кестесі бойынша зейнетақы жасына жеткен кезде ай сайын тең үлестермен).

Уәкілетті оператор екі жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама жібереді. Оны алғаннан кейін Қор 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті операторға салымшының (алушының) біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын аударып, ол өз кезегінде оны салымшының (алушының) арнайы шотына салады.

Біржолғы зейнетақы төлемінің сомасы уәкілетті операторда (егер бұл «Отбасы банк» АҚ болса) ашылған салымшының (алушының) арнайы шотында 45 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде болуы мүмкін. Осы мерзім ішінде уәкілетті операторға нысаналы мақсаттарға арналған құжаттар ұсынылуы қажет. Олар көрсетілген мерзімде берілмеген жағдайда біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына қайтарылады.

Осылайша азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мәселелері жөніндегі барлық өтініштерін уәкілетті оператор «бір терезе» қағидаты бойынша қарайды

және азаматтар тарапынан БЖЗҚ-ға жеке өтініш жасау талап етілмейді.

Қараша айының басына қарай (02.11.2021) БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалануға берген 485 772 өтінішін орындады. Уәкілетті оператор-банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ 1,96 трлн. теңге аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – 4,0 млн. теңге.

Алматы қаласындағы филиал бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалануға берген азаматтардың 82 555 өтініші орындалды. Осы өтініштерді орындау үшін 406 792 млрд. теңге көлемінде, яғни жалпы аударылған соманың 20,76% құрайтын қаражат аударылды.

Айта кетейік, шамамен 270,5 млрд. теңге өтініш берушінің өтініші бойынша және өзге де себептер бойынша қазақстандықтардың біржолғы зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде пайдаланбауына байланысты уәкілетті операторлардан салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) қайтарылды.

Сондай-ақ, БЖЗҚ жалпы сомасы 54,0 млрд. теңге болатын 59 464 өтінішті орындады. Бұл ретте алымдардың орташа сомасы 0,9 млн. теңге болды. Сонымен қатар, салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан («Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) 7,9 млрд. теңге қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

Алматы қаласындағы филиал бойынша емделу үшін берілген 7889 өтініш орындалып, оған 8874 млрд. теңге көлемінде қаражат аударылды. Бұл көрсеткіш жалпы аударылған қаражаттың 16,43% құрайды.

ЕСЕПТЕУЛЕР САЛЫМШЫНЫҢ НАҚТЫ ЖИНАҚТАРЫНА НЕГІЗДЕЛЕДІ

– Әрине, тұрғын үй алуға және емделуге алынған біржолғы төлемдер болашақ зейнетақының мөлшеріне әсер етуі мүмкін екенін елемеге болмайды. Зейнеткерлікке шыққан кезде салымшы үшін біржолғы зейнетақы төлемдерінің салдары қандай болуы мүмкін?

– Сіз дұрыс айтасыз, жинақтардан алынған кез келген біржолғы төлем салымшының болашақ зейнетақысына әсер етеді. Болашақта ол біржолғы төлем алу мүмкіндігін пайдаланбаған салымшыларға

қарағанда төмен зейнетақы алатынын есте ұстаған жөн.

Зейнетақы жинақтарын алуға мүмкіндік беретін зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілігінің шегі әрбір жас үшін, тым болмағанда ең төмен жалақыдан тұрақты жарналар кезінде салымшы өзінің жеке зейнетақы шотында базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшерін алып тастағандағы (2021 жылы – 43 272 теңге) бір ең төмен зейнетақы мөлшерінде БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемдерді алу үшін жеткілікті сомаға (2021 жылы – 18 524 теңге) ие болатындай етіп есептелген. Басқаша айтқанда, Қордан берілетін ең төменгі ай сайынғы төлемдер 24 748 теңгеден кем болмайды.

Болашақ зейнетақыңыздың мөлшерін БЖЗҚ-ның болжамды зейнетақы калькуляторы қызметі арқылы болжауға болады. Ол көпдеңгейлі зейнетақы жүйесіндегі зейнетақының барлық құрамдауыштарын есептейді: мемлекеттік бюджеттен берілетін базалық төлемнің және жасына байланысты зейнетақының (ортақ зейнетақының) болашақ мөлшерін, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан төленетін (міндетті зейнетақы, міндетті кәсіптік зейнетақы және ерікті зейнетақы жарналары есебінен) жинақтаушы зейнетақыны есептейді.

БЖЗҚ-дан төленетін болашақ төлемдерді есептеу табыстылықтың күтілетін деңгейін ескере отырып, үш (пессимистік, шынайы және оптимистік) сценарийде ұсынылған. Бұл ретте барлық болжамды нәтижелер нақты (яғни болжамның тиісті кезеңінің инфляциясын шегергенде) құндық мәнде ұсынылады. Есептеулер салымшының нақты жинақтарына негізделеді және өз зейнетақысын жоспарлауға мүмкіндік береді, соның ішінде біржолғы зейнетақы төлемдерін алу кезінде оның қаншалықты азаятынын көрнекі түрде көруге болады.

– Осыған байланысты зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға аудару тақырыбын қозғағым келеді. Бұл жаңалық салымшылар арасында танымал ма?

– 2021 жылғы қаңтардан бастап инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін де пайдалану құқығын беретін заңнамалық нормалар күшіне енді.

Басқарушы компанияны таңдау үшін, мүмкіндігінше, оның қызметімен танысу керек. Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы төрт ИПБ-мен, атап айтсақ, «Jusan Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «BCC Invest» АҚ және «Сентрас Секьюритиз» АҚ арада келісім-шарттарға қол қойды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес жеке кәсіпкерлер инвестициялық басқару үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ-лардың комиссиялық сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5%-нан аспауы тиіс. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ басқару органы бекітеді және ол жылына көп дегенде бір-ақ рет өзгертіледі.

Зейнетақы жинақтарын бір немесе бірнеше ИПБ-ға аудару үшін салымшы БЖЗҚ-ға өтінішпен жүгінуі керек. Өтініш eprf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы немесе БЖЗҚ-ның кез келген өңірлік бөлімшесіне барған жағдайда берілуі мүмкін.

БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Салымшы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция



ЖАРНАЛАР

көбейтудің маңызды құралы

деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады. Зейнетақы жинақтары ИПБ-ның басқаруына аударылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ететін кепілдігімен алмастырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып, есептелінеді.

Әрбір ИПБ-ның инвестициялық қызметіне жалпы шолу enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде жарияланады.

Зейнетақы активтері ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш берілгеннен кейін салымшы:

- БЖЗҚ-ға өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екінші ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға беру туралы жылына тек бір рет өтініш беруге;

- БЖЗҚ-ға ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруына қайтаруға (зейнетақы жинақтары ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш берілгеннен кейін екі жылдан ерте емес) өтініш беруге құқылы.

Салымшы зейнетақы жасына жеткенге дейін күнтізбелік 10 күн бұрын салымшының зейнетақы жинақтары Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына қайтарылады.

Ағымдағы жылдың 2 қарашасындағы жағдай бойынша шамамен 5,4 млрд. теңге аударылды, БЖЗҚ 2 мың 912 өтінішті орындады. Аударымның орташа сомасы – 1,9 млн. теңге.

ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУ ҚАЖЕТ

– 2021 жылғы ең көп талқыланып жатқан тақырыптардың бірі – БЖЗҚ-дан төлем жасау әдістемесінің өзгеруі, түзету неге байланысты енгізілді?

– 2021 жылдың 1 сәуіріне дейін қолданыста болған әдістемеге сәйкес БЖЗҚ-дан кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің ай сайынғы сомасының мөлшері жыл сайын қайта есептеліп, алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының қалдық сомасын олардың ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісінің он екіден бірін құрады. Ағымдағы құн коэффициенттері 2000 жылдардың басында өзекті болған өмір сүру ұзақтығы, кірістілік және т.б. өлшемдерді ескере отырып айқындалды.

Алайда, зейнетақыны жоспарлаудың әлемдік тәжірибесін, әлеуметтік және демографиялық факторларды ескере отырып, бұл өлшемдерді жаңарту қажеттігі пісіп-жетілді. Мысалы, Қазақстанда алушының зейнеткерлік жастан бастап (2021 жылы ерлер – 63 жас және әйелдер – 60 жас) күтілетін өмір сүру ұзақтығы бүгінгі күні ерлер мен әйелдер үшін, тиісінше, 80 және 82 жасты құрайды. Сондықтан зейнетақы жинақтарының неғұрлым ұзақ мерзімге төленуі жайлы мәселе туындады.

Мұнымен қатар қауіпті және зиянды салалар қызметкерлері, мүгедек адамдар тәрізді азаматтардың жекелеген санаттарының ерекшеліктерін ескеру қажет. Өйткені, олардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы Қазақстан бойынша орташа көрсеткіштен өзгеше. Сондықтан арнайы санаттағы алушылар үшін көтермелеп түзету коэффициенттері қарастырылған.

Осы сәттердің барлығы жаңа Әдістемеді көрсетілген, соған сәйкес 2021 жылғы 1 сәуірден бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы жылдық сома зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің 6,5% мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болды. Содан кейін бұл нәтиже 12-ге бөлінеді, сол арқылы біз БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлем мөлшерін аламыз. Келесі жылдары ол жыл сайын зейнетақы



төлемдерін индексстеу мөлшерлемесіне өсетін болады – 5%.

2021 жылдың басынан бастап БЖЗҚ-дан берілетін төлемнің ең төменгі мөлшері өсті. Егер бұрын ол ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54% құраса, қазір ол ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% (немесе 24 011 теңге) болды. Осылайша көптеген алушылар үшін төлем мөлшері артты.

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін БЖЗҚ-дан төлемдерді ала бастаған азаматтар үшін зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болмайды (2021 жылы $30 \times 43\,272 = 1\,298\,160$ теңге). Төлемдер бұрын тандалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 наурызға (қоса алғанда) дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесіне сәйкес, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнетақы төлемдерін индексстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайтып отырады. Кейіннен жыл сайын индекстеліп отыратын болады.

– Болашақ зейнетақымызды көбейтудің маңызды құралы – ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) туралы білгіміз келеді, бұл мәселеде қандай өзгерістер болды?

– Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) – бұл салымшылардың өз бастамасы бойынша БЖЗҚ-ға салатын ақшасы. Оларды жеке тұлғалар өз пайдасына, жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғаның пайдасына аударуға алады. Бұл ретте ЕЗЖ мөлшері мен төлеу кезеңділігін жеке немесе заңды тұлға дербес белгілейді.

ЕЗЖ төлеудің артықшылықтарының бірі – жеке тұлға ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен жеке пайдасына төлеген кезде салық заңнамасында ЕЗЖ төленген сомаға салық шегерімінің көзделгендігі. Бұдан басқа, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық агенті (жұмыс беруші) өз қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына төлейтін ЕЗЖ корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Сонымен қатар, жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына төлеген ЕЗЖ сомасы қызметкердің табысына салық салу кезінде ескерілмейді.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын ашу үшін БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы ерікті зейнетақы жарнасы негіз бола алады. Осылайша салымшыға (алушыға) Қор кеңсесіне барудың қажеті жоқ. Пайдасына ЕЗЖ есептелінетін

жеке тұлғаны сәйкестендіру ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (ТАӨ, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылатын болады. Ал жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы зейнетақы жинақтары бар: елу жасқа толған, мүгедек болып табылатын, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорындағы ерікті зейнетақы жарналары мен оларға есептелген инвестициялық кіріс сомалары шегінде кемінде бес жыл зейнетақы жинақтары бар адамдардың ерікті зейнетақы жарналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдеріне құқығы туындайды.

Бұл төртінші санат заңнамаға 2021 жылғы 1 мамырдан бастап енгізілді. Осы жаңашылдыққа сәйкес ЕЗЖ бойынша төлемдерді ерікті зейнетақы жарналары зейнетақы жүйесінде кемінде бес жыл болған барлық адамдар ала алады. Осылайша ЕЗЖ есебінен қаражат жинауды мысалы, 20 немесе 30 жастан бастай отырып, тиісінше 25 немесе 35 жасқа толған кезде салымшылар өздерінің алғашқы төлемдерін ала бастайды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-ға ЕЗЖ төлеуді екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) немесе «Қазпошта» АҚ арқылы жүзеге асыруға болады. Жекелеген екінші деңгейдегі банктер жарналарды онлайн-режимінде (мобильді қосымша немесе өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы) аудару мүмкіндігін де ұсынады. Бұдан басқа, жұмыс берушіге өтініш беру мүмкіндігі тағы бар, оның негізінде жұмыс беруші БЖЗҚ-ға ЕЗЖ-ны өтініш берушінің не үшінші тұлғаның пайдасына тұрақты түрде аударатын болады.

– БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға қызметтер ұсынудың жеделдігімен және жоғары сапасымен ерекшеленеді. Өз салымшыларыңызға қандай қызмет түрлерін көрсететіндеріңізді және қазақстандықтардың қандай өтініш беру тәсілін жиі таңдайтындарын айтып берсеңіз.

– БЖЗҚ көрсететін қызметтер саны жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар, біз салымшыларымыздың қандай да бір қызмет түрлеріне деген қажеттіліктерінің өсіп жатқанын көріп, бұл сұраныстарды қанағаттандыруға тырысып, тіпті алдын ала болжай аламыз. Ағымдағы жылдың тоғыз айында (01.01.2021-01.10.2021 аралығы кезеңінде) БЖЗҚ өз салымшыларына 30 миллионнан астам қызмет көрсетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46% көп.

Электрондық форматта 22,2 миллионға жуық қызмет көрсетілді, бұл қызметтердің жалпы көлемінің 73% астамын құрайды.

БЖЗҚ сайтында да, мобильді қосымшасында да бар жеке кабинетте салымшылардың қызметтерді кез келген уақытта және кез келген жерде алу мүмкіндігі бар екенін естеріңізге сала кетейік. Оған мысалы, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, деректемелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2-топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге өтініштің орындалу мәртебесін қадағалау және т.б. жатады. Айтпақшы, биыл заңнамалық өзгерістердің енгізілуіне байланысты тағы да қажетті қызметтер қосылды. Мысалы, қазір азаматтар алу немесе ИПБ-ға аудару үшін жеткілікті соманың шотта бар-жоғын 2-3 минут ішінде тексере алады. Жинақтардың жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін ИПБ-ға аудару да enpf.kz сайты арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтердің бір бөлігі автоматты форматқа ауыстырылды. Бұрын айтқанымдай, қазір МЗЖ бойынша да, ЕЗЖ бойынша да салымшылардың өтініштерінсіз-ақ шот ашуға болады. Бұл салымшылардың уақытын едәуір үнемдеуге көмектеседі. 2021 жылдың 26 қазанынан бастап тағы да заңнамалық өзгерістер күшіне енді, соған сәйкес міндетті кәсіптік жарналар есепке алынатын шоттар да өтініш бермей-ақ ашылады. Бұл жарналардың осы түрін төлейтін жұмыс берушілер үшін өте ыңғайлы.

2021 жылдың 1 қазанына автоматты форматта (өтінішсіз жүгінулер) 5,1 миллионнан астам қызмет немесе жалпы көлемнің шамамен 17% көрсетілді.

Нәтижесінде БЖЗҚ-ның 90 пайыздан астам қызметін үйден немесе кеңседен шықпай-ақ алуға болады.

Алайда, шектеу шаралары кезеңінде біз салымшыларымыздың көпшілігінің қызметтерді Қор бөлімшелерінен тікелей алуы қалайтындырын байқадық. Айтқандай, олар 1,7 миллионнан астам қызметті еліміз бойынша тікелей БЖЗҚ-ның 183 қызмет көрсету кеңселерінен алды.

Қор бөлімшелері жок елдімекендерде қызметтердің бір бөлігін (хабарлау тәсілін, салымшының (алушының) қосымша деректемелерін өзгертуді) «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінен алуға болады.

БЖЗҚ-да көшпелі қызмет көрсету бөлімдері бар. Олар қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады.

АНЫҚТАМА (БЖЗҚ АҚ 2021 жылдың 1 қазанындағы негізгі көрсеткіштері)

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында шамамен 13,1 трлн. теңгеден астам зейнетақы жинақтары қалыптастырылған.

Жарналардың барлық түрлері бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,7 млн. бірлікті құрады.

2021 жылдың 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі аралықта таза инвестициялық табыс 1,1 трлн. теңге болды.

Жыл басынан бері БЖЗҚ салымшыларына 2,1 трлн. теңгеден астам қаражат төледі.

Алматы қаласындағы филиал бойынша 1 қазан 2021 жылға көрсеткіштерге сәйкес 1 756 234 жеке зейнетақы шоттары бар және осы шоттардағы зейнетақы жинақтарының сомасы 2,5 трлн. теңгеден асады.

Сұхбаттасқан
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

Жұмыстың басым бөлігі Жаңа Алматыда жүргізілуде. Қаланың ықшамаудандарына айналған бұрынғы ауылдардың тұрғындары жолдар мен тротуарлардың жоқтығы туралы бірнеше рет мәселе көтерген еді. Осы мәселелерді шешуді қолға алдық.



АЛМАТЫ – ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ЖАЙЛЫ ҚАЛА

«Жаңа Алматы» қала тұрғындарын жайлы қоныс, табысты жұмыс, оқу және отбасылық демалыспен қамтамасыз етеді. Ал абаттандырылған, тартымды қоғамдық кеңістіктер – қала жетістігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Пандемия кезінде қалалық орта әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарғаны анық. Белгілі бір шектеулерге байланысты тұрғындар таза ауада серуендеуі үшін саябақтар, гүлзарлар, қала бойынша жаңа жаяу жүргіншілер жолдары, қоғамдық кеңістіктерге деген қажеттіліктер туындады. Осыған байланысты мегаполисте ағымдағы жылы бірқатар мәселелердің түйіні шешілді.

Бүгінде Алматыда жалпы ұзындығы 54 шақырым болатын 110 жаяу серуендеу аймағы бар. Қала билігі мегаполистің рекреациялық әлеуетін тиімді пайдалана отырып, жаңа Алматының орталық бөлігінде де, шеткері аудандарында да жаңа қоғамдық кеңістіктер құруды жоспарлап отыр.



Алматы абаттана береді

Сәтбаев көшесін Луганск көшесінен Байзақов көшесіне дейін қайта құру концепциясы жасалды.

Бұл көше көлік және жаяу жүргіншілердің маңызды артериясы болып табылады, ол жақын жерде тұратындар, қаланың басқа тұрғындары, сондай-ақ, қоғамдық кеңістік құру үшін де үлкен әлеуетке ие.

Жобаланатын учаскенің жалпы ұзындығы – 3,9 шақырым.



Жаяу жүргіншілер мен саябақтар көбейеді

2021-2022 жылдарға жоспарланған жаяу жүргіншілер және саябақ аймақтары:

- 12 саябақ аймағы;
- 4 өзен жағалауын – «Боралдай» ықшамауданы, Алатау ауданына қарасты «Өжет», «Тастыбұлақ», «Қарағайлы» ықшамаудандарын абаттандыру.
- Қаланың 17 көшесінің бойында жаяу жүргіншілер аймағын жасау.



Шаһар жасыл желекке оранады

Алдағы уақытта қаланы абаттандыру бойынша келесі жұмыстар жүргізілмек:

- Жыл сайын 300 мыңнан астам көшет отырғызу;
- 17 қоғамдық кеңістікті абаттандыру;
- Кемінде 3 су объектісін реконструкциялау және жағалауды бекіту жөнінде жұмыстар жүргізу;
- 376 шақырым арық желісін қайта жаңарту және салу;
- Бір тұрғынға шаққандағы жасыл желектер саны бойынша 11 шаршы метрге дейін халықаралық көрсеткішке қол жеткізу.



Өзен арналары жаңғыртылады

Алдағы жылдары 43 шақырым өзен арналарын абаттандыру және жағалауды нығайту жоспарлануда. Жыл соңына дейін Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналын (23 ш.), Сайран су қоймасын (20 га), Үлкен Алматы өзенін (10 ш.), барлығы – 43 шақырым су арнасын абаттандыру және жағалауды нығайту жұмыстары жүргізіледі.



Көшелер қалаға көрік береді

Абай даңғылынан Сәтбаев көшесіне дейінгі бірінші алаң – мемлекеттік цирк пен «Қиял әлемі – Ая» ойын-сауық паркі арасындағы көшенің ұзындығы 380 метрді құрайды.

Жоба бойынша көшенің барлық ұзындығы бір жылды бейнелейтін 365 бөлікке бөлінеді. Әр бөлікке табиғи тастар төселеді. Олардың әрқайсысы жеті түрлі тастан тұрады. Көлденең сызықтардың әрқайсысында артқы жарығы бар қола тақтайшасы және күнді білдіретін сандар орналасады. Әр 30-31 күн сайын Айдың белгісі бар үлкен тақтайша қандай күн екенін көрсетіп тұратын болады.



Мұнда спорт, селфи, астрономия, тілек білдіру үшін бірегей функционалды арт-нысандар, сондай-ақ жаңбыр мен күннен қорғайтын аймақтар, балалар ойын алаңдары және қала тұрғындарының демалысы үшін басқа да ыңғайлы жағдайлар жасалады. Түрлі ағаштар отырғызылған жасыл аймақ ұйымдастырылады. Көше бойында шамдар, орындықтар, қоқыс жәшіктері, ауызсу бұрқақтары болады.

Екінші алаң: Сәтбаев көшесінен Тимирязев көшесіне дейін – мұнда жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын жақсарту, Тимирязевтен Абай даңғылына дейін апаратын көше бойында тыныш, қауіпсіз қалалық орта құру жоспарлануда.



ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЖОБА ЕКІ ТАҚЫРЫПТЫҚ БӨЛІКKE БӨЛІНЕДІ:

1. «Жыл мезгілдері» желекжолы (бульвар) – Абай даңғылынан Сәтбаев көшесіне, Ә.Қастеев мұражайына дейін;
2. Тұрғын үйлер бойымен өтетін және ботаникалық бақ пен ҚазҰУ-ды мұражаймен байланыстыратын Мүсірепов көшесіндегі жаяу жүргіншілер желекжолы Сәтбаев көшесінен Тимирязев көшесіне дейін жалғасады.

Жобада Vision Zero қағидаты бойынша қауіпсіз өткелдер құру және жеке автокөлік үшін тротуарды жабу көзделген. Көлік жолы бойындағы шағын сәулет нысандары, шамдар мен орындықтар көшеге жаңа көрініс береді.

Көшені қайта құру жобаларын әзірлеу барысында халықтың барлық топтарының мүдделері ескеріледі. Оның ішінде – мүмкіндігі шектеулі азаматтар, велосипедшілер және жаяу жүргіншілер және т.б.

Дайындаған Айжан БҮРКІТБАЕВА.

Биыл аты аңызға айналған Панфилов дивизиясының құрылғанына 80 жыл толды. Осыған орай, 16 қараша күні Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшы атындағы саябақта жауынгерлерді еске алуға арналған шара өтті.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

316-шы атқыштар дивизиясы Қазақ және Қырғыз КСР-ның әскерге шақырылушылары мен еріктілерінен құрылған. Сарбаздар адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс кезінде көзсіз ерлік көрсетті.

Шараға қатысушылар Панфиловтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, батырлардың аллеясы бойымен салтанатты шеру құрып, жүріп өтті. Шеру соңында мектеп оқушылары Панфилов ескерткішіне гүлдерін табыстап, құрмет көрсетті.

1941 жылдың 16 қарашасы – генерал И.В.Панфилов дивизиясының 28 жауынгері ерлік жасаған күн. Мәскеу түбіндегі Дубосеково жолайрығында өткен жанкешті шайқаста Кеңес батырлары жиырма шақты неміс танкін жойып, фашистердің астананы бұзып өтуіне жол бермеді.

Панфилов дивизиясы 1941 жылдың жазында Алматы қаласында Қазақ және Қырғыз КСР әскеріне шақырылғандар мен еріктілерден жасақталды. Қолбасшылықты генерал-майор Иван Панфилов алды. Бұл дивизияның құрамында Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Панфиловшылардың ерлігі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Мәскеу үшін фашистік басқыншыларға қарсы шайқастың қаһармандық үлгісі болды.



ЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ, ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ



Алуа БАЙҚАДАМОВА,
Иван Васильевич
Панфиловтың
немересі:

– Даңқты дивизияның құрылғанына сексен жыл толуын атап өту арқылы біз соғыс кезінде Қазақстанда құрылған барлық әскери құрамалар мен бөлімдерге құрмет көрсетеміз. Бүгінгі шара келешек ұрпақ үшін маңызды. Себебі, олар тарихта болған қиын кезеңдерден сабақ алуы тиіс.



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Б. Момышұлы за годы ВОВ несколько раз был представлен к званию Героя Советского Союза, а награжден посмертно 11 декабря 1990 года.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Елде ресейлік нөмірі болғанымен мемлекеттің тіркеуінде жоқ көлік көбейді. Көпшілік көлігін сатып құтылуды жөн көрді ме, соңғы апта ішінде көлік сату туралы хабарландыру саны 15 пайызға өсіп, 37 мыңнан 42 мыңға дейін артты.



КӨЛІГІН САТАТЫНДАР КӨБЕЙДІ

Ресейлік көліктерге көпшілік неге қызығады? Өйткені, олардың бағасы бізден әлдеқайда төмен. Десе де, елге әкеліп алып оны тіркеуге қоюға асықпайды. Себебі, кедендік ресімдеу тым қымбат. Бастапқы тіркеудің өзіне 1,5 млн. теңге жұмсағандар да бар екен.

Ішкі істер министрлігі ресейлік әріптестерінің деректер базасымен танысқаннан кейін көрші елдің тіркеуінен алынған көліктермен біздің елде де жүру мүмкін болмай қалды. Алматы облысы мен Алматы қаласын қоса алғанда, 3 мыңдай көліктегі ресейлік нөмірдің заңды күші жоқ. Осыған байланысты қалтаны қағар салықты төлемеу үшін көпшілік жаппай сатуға көшті.

– Екінші нарықтағы көліктердің жағдайын үнемі бақылап жүреміз. Кедендік ресімдеуден өтпеген темір тұлпар саны 15 процентке артқан. Сатылымдағы техниканың басым бөлігі – Волжский автомобиль зауытының өнімдері. Жигули, Самара, Приора, Гранта сияқты көліктер сұраныс-

тың көш басында. Ізінше Дэу, Нэксия, Матиз маркалары келеді. Бұлардың бағасы қолжетімді. Сұраныстың да жоғары болуы сондықтан. Ресейлік тіркеуден алынған көліктер сатылымы алдағы уақытта тек жоғарылай бермек, – дейді хабарландыру сайтының мамандары. Бірақ сатып алушылар саны көп болмайтыны түсінікті. Баға одан сайын төмендеуі ықтимал немесе қосалқы бөлшек ретінде сатудан басқа амал қалмайды.

– Көлікті бөлшектеп сату кезінде көп мәселе туындай қоймайды. Есігін, капотын, қозғалтқышын бөлек сатудан ұтылмайсыз. Қазіргі пандемия салдарынан туындаған логистикалық мәселелер аясында тұтынушылар көлігіне қажет қосалқы бөлшекті алысқа бармай жақыннан сатып алғысы келеді. Сондықтан бұл мүмкіндікті қолданып қалу керек. Бірақ отандық нарықта көлікке арналған қосалқы бөлшектер көптеп жеткізілсе де, бағаның төмендеуі екіталай, – дейді сарапшылар.

Ресейлік көліктердің қайсысы елде еркін жүре алады

ҚР ПМ мәліметінше, қазір Қазақстанда ресейлік нөмір таққан 200 мыңнан астам көлік бар. Олардың кем дегенде 80 мыңы Ресейде есептен алынған, оларды әдетте «ауадағы» машиналар деп атайды. Мұндай көліктерді қалай анықтауға болады, қайсысы айып тұраққа қойылады, қайсысы қойылмайды?

Ресейлік нөмір таққан қандай көлік Қазақстанда жүре алады:

Мынадай құжатты бар көліктер Қазақстан жолдарында еркін қозғала алады:

- РФ МЖҚИ-да (ГИБДД) тіркелген;
- Қазақстанда сақтандырылған;
- Ресейлік жарамды техбайқау картасы бар.

Ресейде тіркелген машинаға заңды түрде иелік ету үшін мына құжаттар керек:

- сатып алу/сату келісім-шарты;
- көлік иесінің жарамды сенімхаты;
- көлік құралының төлқұжаты.

Ресейлік нөмір таққан қандай көлік Қазақстанда жүре алмайды:

- РФ МЖҚИ (ГИБДД) есептен шығарған;
- Ресейде пайдалануға тыйым салынған: қозғалуына тыйым салынған, ұрланған, іздеуде жүрген және т.б.

АВТОӘЛЕМ

АВТОӘЛЕМ

«Сыңары» бар ресейлік көліктер

Қараша айының басынан бері полицейлер Ресейде тіркелген көліктерді тексеріп жатыр. Бірақ есептен алынған көліктен де қиын мәселе бар.

Техниканың арасында «сыңары» бар көліктер де кездеседі, яғни Ресейде дәл сондай нөмір және құжатпен бір немесе бірнеше көлік жүреді. Олардың нақты санын айту қиын, бірақ бар екені рас. Мысалы, Алматыдағы тұрақтардың бірінде ақ Toyota Crown седаны (мемлекеттік нөмірі – У 179 МТ 125-аймақ, шамақ – S170) тұрды. Ресейде осыған ұқсас нөмірмен қара Crown (шанақ – S180) тіркелген.

Ұқсас нөмірді екі ғана емес, үш көлік таққан жағдайлар да кездеседі. 2020 жылы тамызда полиция бірнеше Toyota Estima-ны (бәрінің нөмірі – О 298 УН 96-аймақ) ұстады. Екеуі Нұр-Сұлтанда, тағы біреуі Өскеменде жүрген. Ақылы жолдың арқасында құжаты бірдей тағы екі «Эстима» анықталды. Оның біреуі Нұр-Сұлтан – Щучинск тас жолында, екіншісі Алматы – Қорғас тасжолында бір уақытта камераға түсіп қалған.

Көлік контрабандасымен айналысқандар елімізге 1,5 мыңға жуық көлік жеткізген. Осындай топтың бірін полиция үстіміздегі жылдың маусымында құрықтады.

Есептен шықпаған болса не істеу керек?

Есептен алынған көлік Қазақстанда тіркелуге тиіс. Оған қойылатын талаптар:

- рөлі сол жақта;
- Еуро-4 стандартына сай;
- ABS жүйесі бар;
- жүргізушінің қауіпсіздік жастығы орнатылған;
- балалар орындығын орнатуға арналған ISOFIX жүйесі бар;
- күндізгі жарық шамдары болуға тиіс.

Ресейден әкелінген көлікті кедендік тіркеуден өткізу қажет емес, бірақ Қазақстанда есепке қою үшін утилизациялық алым мен бастапқы тіркеу сомасын төлеуге тура келеді.

Жоғарыдағы талаптарға сай келмейтін көлікті Қазақстаннан шығару керек немесе қосалқы бөлшек түрінде сатуға болады.

РЕДАКЦИЯҒА СОҒЫЛҒАН ҚОҢЫРАУ

Онлайн тексеруге бола ма?

Газет редакциясына қаламыздың Руслан Жиренбай есімді тұрғыны хабарласып, ресейлік көліктердің тіркеуде бар-жоғын онлайн қалай тексеруге болатынын сұраған еді.

Кейінгі кезде Қазақстан жолдарында үш жолақты жалауы бар нөмір таққан машина жиі кездесіп жүр. Олар әсіресе, солтүстік және батыс аймақтарда көп. Бұл өңірлер шекараға жақын әрі ЕЭО-ға мүше ел азаматтары тек төлқұжат көрсетіп, еркін қозғалатындықтан, тұрғындар шеттен ескі «жигули», «самарадан» бастап оң рөлді жаңа көліктерді жаппай елге тасып жатыр. Оның үстіне, олар көлік сақтандыру арқылы ғана сатып алынады. Алайда, билік мұны бұрыс деп тапты. Себебі, салық дұрыс төленбейді, одан бөлек бірдей нөмір таққан клондар көбейген. Егер көліктің жаңа қожайыны клон мініп жүргенін білсе және әрекет дәлелденсе, Қылмыстық кодекстің 385-бабы (қасақана жалған құжат қолдану) бойынша жазаға тартылып, 160 АЕК, яғни 444 мың теңге айыппұл төлейді. Ал алданып қалмау үшін не істеу керек?

МЖҚИ (ГИБДД) көмекке келеді

Біздің елдегідей, Ресейде де көлік сатып аларда ол жайлы біршама мәлімет алуға мүмкіндік бар. Бұл жағдайда негізгі ақпарат көзі МЖҚИ-дің ресми сайты болады.

МЖҚИ парақшасы мемлекетке тиесілі, сондықтан ақауы көп. Біз оның кейде мүлде ашылмай қалатынын, ара-тұра процесс барысында кідіретінін байқадық. Мәселе кейде ресейлік IP-і бар VPN арқылы шешіледі.

Полицияның деректер базасы арқылы көліктің тіркелу тарихын, оған иелік еткен адам санын, қашан қайта сатылғанын, іздеуде жүрген-жүрмегенін және тіркеу бойынша шектеу бар-жоғын білуге болады.

Сонымен қатар, МЖҚИ апат тарихын да көрсетеді. Бірақ автомобиль 2015 жылдан бұрын жол-көлік оқиғасына қатысқан болса, ол жайлы біле алмайсыз.

Тексеру үшін мемлекеттік автоинспекция сайтына кіріп, арнайы жолға көліктің VIN-кодын не шанақ нөмірін жазасыз.

Ақылы тексеру

Екінші портал бірнеше сервисті біріктіріп, ақылы қызмет көрсетеді. «Автокод» есебінен көлік құжаты, таксиде жұмыс істеу тарихы, кепілде бар-жоғы, сату туралы хабарландырулар, сақтандыру полисі, иелік ету географиясы және басқа көптеген ақпарат аласыз. Құны – 349 рубль (1982 теңге).

«Автокод» автомобиль тексеретін жалғыз ақылы сервис емес, оның ұқсас ақпарат беретін бірнеше баламасы бар.

ӘЗІЛ

XXI ғасыр. Көлік бір минут та үзілмейтін үлкен көшедегі қатар жатқан екі көңілсіз жаяу жүргіншілер жолы әңгімелесіп тұр. Біріншісі:

– Анау көлік жүрмейтін көшелердегі жаяу жүргіншілер жолдарының жұмысы жақсы. Анда-санда бір көлік өтеді. Ал біз екеуміз еңсемізді көтере алмаймыз.

Екіншісі:

– Ондай «арам тамақ» болмай-ақ қойдым.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Алдағы бес жылда әлемде жыл сайын 2 млн. көлікке тапшылық туындайды. Микрочиптердің жетіспеушілігінен биыл жоспарлы өндірістің 10 пайызы орындалмай қалуы мүмкін. Бостан сарапшыларының есебінше, жаһандық нарық 210 млрд. доллардан қағылады. Микрочиптердің дені Оңтүстік-Шығыс Азияда өндіріледі. Әлемдегі болат пен алюминийдің қымбаттауы да автоөндіріске кесірін тигізген. Салдарынан темір тұлпар құны көтеріліп жатыр. Соған қарамастан сұраныс белсенді. Қазақстанның өзінде жыл басынан бері 86 мың жаңа көлік сатылды. Оның 65 проценті отандық өнім. Ал дилерлер көктемге дейін тапсырыс қабылдауды тоқтатып қойды. Өйткені, сұраныс өндірісті екі орап кетеді. Қазіргі тапсырысты толық өтеу үшін жарты жылдай уақыт керек. Микрочиптердің жетіспеушілігі жаһандық автоөндіріске ғана емес, көлік жабдықтарын да қысқартуға алып келуі мүмкін. Бұл – мамандар болжамы.

Көлік кепілде тұр ма?

МЖҚИ порталы автокөлік туралы мәлімет беретін жалғыз сервис емес. Көліктің кепілде тұрғанын Федералды нотариалды палатаның (ФНП) Жылжымалы мүлікті кепілге қою реестрінен көруге болады. Мәлімет алу үшін мұнда да VIN немесе шанақ нөмірін терсеңіз жеткілікті.

Сізге қажет екінші сайт – Федералды сот приставтары қызметінің порталы. Онда түрлі өндіріп алу шаралары қолданылатын көліктерге қатысты ақпарат бар. Мысалы, несие төлемеген адамның көлігін осы порталдан табасыз. Басқа базалардан айырмашылығы, мұнда көлік емес, оның иесі арқылы іздеу саласыз. Ол үшін сатып алушы сатушының аты-жөнін білуі керек.

Тағы бір ресурс жайлы айта кеткен жөн. Ол «Автокод» деп аталады. Дәл осылай аталатын екі сервис бар. Біріншісі Мәскеу билігімен байланысты. Портал өте пайдалы, себебі мұнда көліктің жүрген жолы мен жол апатына қатысқаны, іздеуде бар-жоғы, тіпті такси қызметіне қатысы жайлы ақпарат алуға болады. Дегенмен, кемшілігі де жоқ емес. Біріншіден, толық есеп алу үшін тіркелу қажет. Екіншіден, ол тек Мәскеуде немесе Мәскеу облысында тіркелген техникамен ғана жұмыс істейді.



БРИФИНГ

Ревакциналану – қажеттілік!



Айнұр
СЕНБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда мегаполисте коронавирус ахуалының тұрақтануы байқалады: апта ішінде 936 жаңа инфекция тіркелді, өткен тәулікте COVID-19 жұқтырғандар саны – 128.

«Қаладағы шектеу шаралары мен халықты вакциналау деңгейін 48%-ға жеткізудің арқасында эпидемиологиялық жағдай біршама жақсарды. Апталық жұқтыру көрсеткіші азайды, бірақ оны нақтылау үшін 22 қарашаға дейін «сары» аймақ талаптарын сақтау қажет», – деді Ж.Бекшин.

Алматының бас санитарлық дәрігерінің айтуынша, дерттің беті қайта бастағанымен, ковид балалар үшін қауіпті. Ол мынандай нақты статистиканы келтірді: қазір қаланың инфекциялық стационарларында 673 адам жатыр, оның ішінде 17 бала бар.

«12 жастан асқан жасөспірімдерді белсенді вакциналау өте маңызды. Жаңа «дельта» нұсқасы балалар үшін өте



қауіпті әрі тез жұғады. Егер өткен жылы 281 оқушы вирус жұқтырса, осы жылдың басынан бері жұқтырғандар саны 15 039-ға жетті», – деді Алматы СЭБД басшысы.

Эпидемиологтар вакциналанбаған алматылықтардың: 20-дан 39-ға дейін – 29%, шамамен 40-тан 59-ға дейін – 27%, 60 және одан жоғары – 26% жұқтыратынын анықтады. Жұқтырғандардың ішінде ең көп бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтар – 28%,

зейнеткерлер – 25%, түрлі ұйымдар, ЖШС, ЖК қызметкерлері – 21%. Бір апта ішінде жұқтырғандардың жалпы санының 5,3%-ы жасөспірімдер, 14 жасқа дейінгі балалар – 13,3%-ды, оның ішінде 1 жасқа дейін – 2,2%-ды құрайды.

Ж.Бекшин уақыт өте келе антиденелердің концентрациясы төмендейтінін, яғни вакциналардың алғашқы дозаларын алғаннан кейін 6 немесе 9 ай өткен соң КВИ-ға қарсы ревакциналану қажет екенін еске салды.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

70 алматылыққа айыппұл салынды

Кейбір «қызыл» мәртебесі бар алматылықтар дәрігерлердің талаптарын елемей, қоғамдық тамақтану орындарына, сауда ойын-сауық орталықтарына, қала кинотеатрларына бара береді.

Алматының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин карантин сақталмаған жағдайда тәртіп бұзушыларға айыппұл салынатынын еске салды. Соңғы тексерулер кезінде Алматыда карантин талаптарын бұзған 70 адамға 30 АЕК айыппұл салынды. Ж.Бекшин азаматтарды жасына және қызмет саласына қарамастан, ұсыныстар мен шектеу шараларына жауапкершілікпен қарауға шақырды және карантин режимінің сақталуын бақылау бойынша жұмыс жалғасады деп уәде берді.

«Қала тұрғындарын «жасыл» аймаққа кіргеніне қарамастан, алыс және жақын шет елдердегі КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуін ескере отырып, карантиндік шараларды сақтауды жалғастыруға және белсенді вакциналануға шақыра-



мын. Тек ұжымдық иммунитет қала тұрғындары арасында вирустың таралуын және індетті тоқтатады, яғни таралу

мізбегін үзе алады», – деді Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері.

Мегаполис тұрғындары КВИ инфекциясын бұрынғыдай сауда нысандарында – 31,5%, отбасы-

ларда – 22,0%, қоғамдық көлікте – 18,3% және базарларда – 10,2% жұқтыруда.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Өз қызметкерлерінен екпе алуды талап етпейтіні рас па?

Қазақстандықтар мессенджерлерде Pfizer компаниясы өз қызметкерлерінен COVID-19-ға қарсы вакцина алуды талап етпейтіні туралы хабарлама таранды.

Пайдаланушылардың пікірінше, бұл – қитұрқылық және әділетсіздік, өйткені жер бетіндегі барлық басқа адамдар екпе салдыруға тиіс.

Stopfake.kz бұл ақпаратты жалған деп тапты.

Pfizer компаниясы қазан айының басында АҚШ аумағындағы барлық қызметкерлер ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін COVID-19-ға қарсы вакциналануы тиіс деп мәлімдеді.

Вакцинаны белгіленген мерзімде алмағандарға әкімшілік

шаралар қолданылып, тіпті жұмыстан да босатылады. Вакциналанбаған қызметкерлер үшін апта сайынғы ПТР-тест тапсыру жолын қарастырған болатын. Демек, вакцинаны жасаған компания онымен өз қызметкерлерінің егілуіне жол бермейді деген қауесет жалған.

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

COVID-19

Болашақ дәрігерлер вакциналауды таңдайды

С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ жастар саясаты басқармасының басшысы Елнұр Асқаров 18 жасқа толмаған жас алматылықтардың вакциналау паспортын ала бастағаны жайлы хабарлады.

Қазіргі таңда 12 жастан асқан жасөспірімдерге «Комирнати» Pfizer препаратымен егу науқаны басталды. Е.Асқаровтың айтуынша, бүгінде Алматының 12–17 жастағы 1700-ге жуық жасөспірім вакцинаның бірінші компонентін алды және екінші екпені алғаннан кейін вакциналанудың электрондық паспортын eGov-mobile мобильдік қосымшасынан шығарып алуына болады.

Медицина университетінің Жастар саясаты басқармасының басшысы студенттердің ішінде 1599 көмелетке толмаған жасөспірімдер бар екенін атап өтті. Олардың барлығы ұжымдық иммунитетті нығайту үшін вакциналауға дайын. ЖОО-ның оқытушылар құрамының 100%-ы вакциналанды.

«Біз бір жарым жылға созылған шектеулерді есімізде жақсы сақтадық. Бұл жаңа оқу жылы вакциналаудың арқасында дәстүрлі күндізгі форматта басталды. Егер біз санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтауды жалғастыратын болсақ, егер жасөспірімдер вакциналанатын болса, біздің қала мен елімізде эпидемиологиялық жағдай біржолата жақсарып кетер еді, – дейді Е.Асқаров.



Ол С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің алматылық студенттері вакцина алуда ең белсенділердің бірі екенін атап өтті.

Бірнеше күн бұрын АМСК клиникасы 18 жасқа толмаған, вакциналанбаған студенттердің тізімін жасап, ата-аналардың рұқсаттарын жинап, екпе салуды бастап кетті. ҚазҰМУ өкілі өзі «Спутник V» препаратымен алғашқы алматылықтардың қатарында вакциналанғанын, екпені ауыстыру ұсыныстарын ескере отырып, ревакциналаудан өтуді жоспарлап отырғанын айтты.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Балаларға екпе салынуда



COVID-19 деген бүгінде күнделікті өмірімізде ең жиі айтылатын сөзге айналды. Демек, қауіп әлі де жоғары деген сөз.

Сондықтан оны ауыздықтау үшін бізде ұжымдық иммунитет жоғары болуы тиіс. Бүгінде ересектермен бірге, балалардың да ковидтің шенгеліне ілігіп жатқаны жасырын емес. Сондықтан әлемнің көптеген мемлекеті жас тұрғындарын да жаппай вакциналауды қолға алып, тіпті кейбір ел бұл науқанды сонау жазда бастап кеткен болатын.

Канада – 12 жастан бастап вакцина салуға рұқсат берген ең алғашқы ел. Ол жас тұрғындарына Pfizer салуда. Биылғы тамыз айында мұнда 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдердің 58%-ы толықтай егілген.

Қытай жерінде де 12 жастан жоғары балаларға ковидке қарсы екпе салынуда. Олар Sinopharm пен Sinovac қабылдауда. Италия мен Испания, Дания мен Швейцария да 12 жастан жоғары балаларға екпе

егуді биыл бастап кеткен. Франция жас тұрғындарына өткен маусым айынан бастап (12 жастан жоғары) Pfizer ұсынуда. Бүгінгі таңда елдегі ересек тұрғындарының 50%-ға жуығы толықтай вакцина салдырған.

Үндістан билігі әлі балаларына екпе салуды бастаған жоқ. Бірақ оларға AstraZeneca мен Covaxin препаратын алуды ұсынып отыр. Жапония да әлі бастамады. Тіпті, ересектерінің өзі вакцинамен аз қамтылған көрінеді.

Израиль жерінде 12–15 жас аралығындағы балалар Pfizer алуға құқылы. Егер елде эпидемиологиялық жағдай нашарлап, 5–11 жас аралығындағы өрендерге ковид және өзге де қатерлі індеттер қауіп төндіріп жаста, олар да егілуі мүмкін.

Австрия 12–15 жас аралығындағы 340 мыңнан астам жас тұрғынына Pfizer препаратын салған. Ал АҚШ билігі 12-ден асқан балаларға Pfizer салу туралы шешім қабылдаған болатын. Бүгінде осы топтағы жеткіншектердің 80%-ы ковидке қарсы екпе алып үлгерген. Енді жергілікті ғалымдар 5–11 жас аралығындағы өрендерге де салуды рұқсат етті.

Нұр ЖАМАЛ.



● ЕДІЛ ЕРҒОЖИН – 80

Біздің кейіпкеріміз – әлемде алғаш рет сорбцияланатын иондарға қатысты олардың өткізгіштігі мен селективтілігін реттеудің және басқарудың ерекше әдістерін жасаған қазақ ғалымы

«Франция ғылымының маршалы»

Еділ Ерғожин ғылымның заңғар биігіне жеткен, атағы әлемге мәшһүр академик. Ол химия ғылымының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері. Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері. С.И.Вавилов атындағы медальмен, Әл-Хорезми алтын медалмен және дипломымен (Иран) марапатталған. Ол тәуелсіз халықаралық «Платиналық Тарлан» меценаттар клубы, «Алтын Адам – Жыл Адамы» сыйлықтарының лауреаты. Ғылым мен білімнің дамуына, жас ғалымдар мен мамандарды даярлауға, Қазақстанның химия



Қылыш Иманбеков, Болат Өткелов, Төлеген Сейілхановтар химия саласының ардақты да айтулы ғалымдары.

Алғаш өзі осы институтта ғылыми қызметкер болып жүрген кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен те кездесті. Аты-жөнін, қайда оқитынын және немен айналысып жатқанын біліп алған Қаныш Имантайұлы сөз соңында: «Арпа ішінде бір бидай екенсің, қазақтың намысын қорғауға тырыс», – деп батасын беріп кеткен сонда. Бұл кездесу Еділ ағамыз үшін тарихи оқиға болып, ғылым жолындағы талабын одан әрі қанаттандыра түскені анық.

Дәл осы жерде Еділ ағамыздың басынан өткен тағы бір тағдырлық кездесу ойға оралады. Ол кісі атакы академик, химия-металлургия саласының білгірі Евней Букетовпен жақсы араласқан екен. Бірде Мәскеуде ол кісі Еділ ағамызды сонда тұратын қазақтың ардақты ақсақалдарының бірі, 1938–1954 жылдары Қазақ КСР өкіметінің басшысы болған Нұртас Оңдасынов ағайдың үйіне ертіп апарды.

Евней аға: «Нұртас аға, мына жігіт жас ғалым, зертхана меңгерушісі Еділ Ерғожин дейтін баланыз болады. Химик. Жақында ғылым жөніндегі мемлекеттік комитетте ашы суды тұщытатын ғылыми жобасы қабылданды», – деп таныстырады Еділ ағаны.

Иә, Нұртас Оңдасыновтың үйіндегі сол бір таныстық кештегі әңгіме Еділ аға үшін ғақиятқа толы болды. Дастархан басындағы сырласудан ол болашағына қажетті «көп дән» жинай алды.

ӘЛЕМГЕ АТЫ МӘШҲҮР ҒАЛЫМ

Академиктің есімі Қазақстанның Алтын Құрмет кітабына жазылған

ғылымының нарықтық жағдайға бейімделуіне және әлемдік аренаға шығуына қосқан орасан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев алғыс жариялап, «Алтын барыс» белгісі беріліп, «Ғылым мен ғылыми серіктестікке қосқан үлесі» үшін Алтын медалмен және РФ Президенті жанындағы Ресей мемлекеттік басқару академиясының «Парасат» орденімен марапатталды. Оған «Франция ғылымының маршалы» құрметті атағы беріліп, Өнеркәсіпке көмек қауымдастығы (Франция) Наполеон медалімен марапаттады. Ол 33 жасында «Жаңа ионалмастыргыш және тотығу-тотықсыздану полимерлерінің синтезі және түзілу заңдылықтарын зерттеу» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Аты әлемге әйгілі ғалым өзінің ғылыми өмірінде 13 доктор, 95 химия ғылымының кандидатын және 4 философия докторын (PhD) даярлады. Ұзын саны 32 іргелі монографияның, 7 оқулықтың, 72 шолу мақаланың, 1410 ғылыми мақаланың авторы, оның 550-ден астамы халықаралық, сонымен бірге 348 КСРО авторлық куәліктері, Қазақстан мен шет елдердің алдын ала патенттері, инновациялық патенттері алынды. Ғалымның редакциясымен 20-дан астам монографиялар, био-библиографиялар, Қазақстанның жетекші ғалым-химиктерінің таңдаулы еңбектері, республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар материалдары жарық көрді. «Қазақстанның химия журналы» ғылыми журналының негізін қалаған тұлға.

«Мембрана технологиясы және ионалмасу химиясы» деп аталатын жаңа салаға жол салды

Ол өз елін, туған жерін, Отаны – Қазақстанның шынайы жүрегімен сүйе білген, әлемге аты мәшһүр ғалым. Ол кісінің Отандық химияға қосқан үлесі мен ашқан жаңалықтары ғылым саласына айтарлықтай ерекшелік әкелді. Ол «мембрана технологиясы және ионалмасу химиясы» деп аталатын жаңа саланың негізін қалаушы аса талантты ғалым. Бар болғаны 25 жасында химия ғылымының кандидаты диссертациясын қорғап, 27 жасында шәйірлердің бірнеше түрін ойлап тауып, 33 жасында ғылым докторы атанған.

Еділ Ерғожин жер жәннаты – Жетісу өлкесіндегі қазіргі Ескелді ауданына қарасты шағын ғана Екпінді ауылында 1941 жылдың 7 қарашасында дүниеге келді. Бала кезден Еділ ағамыз алғыр болып өсті, анасының туған апайы – Тәттібаладан естіген «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Еңлік – Кебек», «Қаңбал шал», «Аяз би», «Тазша бала» сияқты дастан мен ертегілерді жаттап, көкейіне сақтай білген екен. «Тіптен кітапқұмар болып өскені соншалық, мектеп кітапханасын тауысып, ауылдағы кітапхананың кітаптарын бас алмай қызыға оқитын» деп еске алады көзкөргендер.

Екпінді ауылында бастауыш мектепті бітірген соң, Жетісу ауылындағы онжылдық орта мектепке ауысып, арасы 4-5 шақырым жерді жаяулап барып-келіп оқыды. Жарты құрсак боп өскен ауыл балалары жоқшылықтың дәмін татып, талай қиындықтарды бастан кешкені белгілі. Соған қарамастан онжылдық-ты жақсы бағамен бітіріп шыққан бозбала Еділ ағамыздың алдынан көлденеңдеп шыға келген кедергілер көп болды. Соның біріне мойынсынбады, жасымай алға қойған мақсаты мен арманына жетуге ұмтылды. Сол бір суыт кезеңде Жетісу орта мектебінен түлеп ұшқан түлектерден 40-қа жуық ғылым докторлары мен өнер қайраткерлері шықты. Олардың қатарында академик Еділ Ерғожин, химия ғылымының докторы Немеребай Нұрахметов, техника ғылымының докторы Ыбырайым Туғанбаев (марқұмдар), экономика ғылымының докторлары Шәтай Дүйсебаев, Асқар Шәріпбаев, заң ғылымының докторлары Өмірәлі Жалаири, Максұт Нәрікбаев (марқұм), профессор, биология ғылымының кандидаты Құралай Кәрібаева, талантты ақын Жұматай Жақыпбаев, жазушылар Ұзақбай Доспанбетов, Ораз Исмайылов, Сәбит Биболов, сатирик ақын Қыдыр Байдүйсенов, сол кездегі облыстан шыққан бокстан тұңғыш спорт шебері Құлтай Жақыпбаев, Құлтай ағасының жолын қуған бокстан КСРО-ның спорт шебері Марат Жақыпбаев, әнші, композитор Ағайша Исағұлова, күміс көмей әнші Нұртай Төребаеваларды мақтан тұтуға болады. Бүгінгі ұрпақ осы тұлғалардың сіңірген еңбектері мен өмір жолдарынан үлгі алары сөзсіз.

Еділ ағамыз онжылдықты бітірген соң Қазақ ұлттық университетінің Химия факультетіне оқуға түсіп, біржола ғылым жолына бет бұрды. Талай ұйқысыз түндер мен зертханадағы ғылыми тәжірибелік жұмыстардың арқасында «мембрана технологиясы және ионалмасу химиясы» деп аталатын жаңа салаға жол салды. 27 жасында химия ғылымының кандидаты, 33 жасында ғылым докторы атанды.

Ғылыми ізденіс жолында жазған мақалалары КСРО көлемінде айтулы жаңалықтардың қатарынан орын алып, аталып жүрді. Азулы академиктердің қаншама мақтаулары мен жақсы тілектеріне ілініп, үлкен жиындарда жақсы құрметтерге ие болды. Осының бәрі оның ғылымға деген адалдығы мен сүйіспеншілігі екені даусыз.

«Қазақтың намысын қорғауға тырыс»

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей, Еділ ағамыздың қамқорында болған шәкірттері қаншама! Оларды баулап, ғылым жолындағы баспалдақтарына жетекшілік жасап, бағыт-бағдар берді.

Бүгінде Мүсрәпбек Құрманалиев, Баян Мұхитдинова, Риза Атшабарова, Наукен Асанов, Бижама Тасарова, Есенгелді Меңліғазиев, Александр Цхай, Төлеген Чалов, Несіпхан Бектенов,

Ғалымның өшпес мұрасы мәңгі жасайды

Еділ Ерғожин ғылым саласында жүргенмен, әдебиеттен ешқашан қол үзбеген жан. Хакім Абай атамыздан бастап, классик жазушылар Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Зейін Шашкин, ақындар Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза-Әлі және т.б. ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінділерді жатқа айтатына талай мәрте куә болғанымыз бар. Тарихи дүниелерді, оның үстіне қазақ шежірелерін тарамдап, талдап беретін. Не деген білімділік десеңізші! Ал шет елдердегі ғылыми конференцияларға қатысқанда баяндамаларын неміс тілінде, ағылшын тілінде жасап, елді таң-тамаша ететін. Дүние жүзінің көптеген елдерінде болып, Қазақ Елінің даңқын асқақтата көтеріп, еліміз жайлы, жеріміздің байлығы туралы айтып мақтан тұтатын.

Еділ ағамыз қазақ халқының әулиелі бабаларының бірі – Ескелді би Жылкелдіұлының алтыншы ұрпағы. Ұлы бабамыздың мазарын өзінің қаражатымен қайтадан жаңартып, елдің тәу етіп баратын игілікті орнына айналдырған да Еділ ағамыз еді.

Бұл өмірде мәңгілік ешнәрсе жоқ. Адам өмірге келеді, өмірден дәм-тұзы таусылғанда кетеді. «Өмір – қамшының қысқа сабындай» деп бекер айтпаса керек-ті. Тек адамның жасаған жақсылықтары мен ізгі амалдары артында қалады деген рас-ау! Өткен жылдың тоғызыншы шілдесінде ойда-жоқта Еділ ағамыздан айырылып қалғанымыз, төбемізге жай түскендей болды. Жалған өмір деген осы екен-ау! Өзінің аманаты бойынша ұрпағы Еділ ағамызды Ескелді би бабасының қасына апарып жерледі.

Осы орайда қазақ ғылымына орасан зор қызмет еткен, биыл қараша айында елі тағзыммен еске алып, 80 жылдық тағылымдық мерейтойын атап өтетін Еділ Ерғожиннің есімін мәңгі есте қалдыру үшін Ескелді ауданының Жетісу ауылына қарасты Екпінді ауылы мен оның өзі оқыған Жетісу орта мектебіне ардақты да аяулы ағамыздың есімін беру туралы ұсынысты құба-құп қолдаймыз. Сонымен бірге, Нұр-Сұлтан, Алматы, Талдықорған қалаларында бір көшеге Еділ Ерғожиннің есімі берілсе артық болмас еді. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі алсын қайдан кемеңгерді!», – деп қазақ поэзиясының дүлдүл ақыны Илияс айтқандай, мұның бәрі болашақ ұрпақ үшін жасалған тағылымды шара болары сөзсіз.

Еділ Ерғожин ағамыздың артында ғылымға сіңірген өшпес мұрасы қалды. Олай болса, ғалымның хаты өлмейді, ол мәңгі жасайды!

Сайлаубай ТОЙЛЫБАЕВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы мен
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының
лауреаты.



ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС



Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatau-aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

САУАПТЫ ІС

Алматыда «Мама Pro» қоғамдық қоры
100-ден астам анаға кәсіп үйретті

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Ерекше күтімді қажет ететін балалары бар әйелдерге қолдау көрсетіп, олардың қоғамға бейімделуіне, тіпті кәсіпкерлік саласында заман ағымына сай білім алуына ықпал етіп жүрген аталмыш қордың еңбегі зор.

– «Қазір біз кәсіпкерлік негіздері курсының төртінші курсын аяқтадық, бүгін түлектеріміз өз бизнес идеяларын ұсынып жатыр. Бұл – әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобалар қатарында церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған оңалту орталығын ашу, сау-мал-терапия, кеңсе техникасын енгізу, үйде пісіретін тәттілер, тігіншілік, қазақ тілінде шешен сөйлеуге үйрету курстары бар. Әйелдердің барлығы қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар аналар. Біз оларға баланың денсаулығын қалпына келтіру үшін қабылданатын ем-шараға келергін келтірмей, өз ісін ашуға көмектесеміз, – дейді «Мама Pro Almaty» ҚҚ филиалының жетекшісі Елена Ким.

Мұнда аналар айрықша күтімдегі балаларына қарай жүріп, бизнес ашуға және оны жүргізуге, арнайы заңдық, психологиялық кеңестер алады. Сондай-ақ, онлайн форматта қатысуға мүмкіндіктері бар. Мәселен, аналары білім алып жатқанда, тәрбиешілер олардың балаларына қарайды. Нәтижесінде түлектердің 99%-ы отбасындағы эмоционалдық жағдайдың жақсарғанын байқатса, 60%-ы өз жобаларын іске асыра бастағанын көрсетті. 67%-ы жаңа мамандықтар тандап, білімін әрі қарай жетілдіруге ұмтылып жатыр.

– «Мама pro» қорымен ынтымақтастық аясында «Qolday» кәсіпкерлік орталығының қызметкерлері «Qolday Start» жүйесі негізінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша мастер-кластар сериясын өткізді. Бұл аналарымызға бизнес-жоспарлар жасауға

көмектесті, тыңдаушылардың бухгалтерлік есеп жүргізу, салық, маркетинг және нарық саласындағы өзекті сұрақтарына жауап берді», – дейді «Qolday» кәсіпкерлік орталығының Корпоративтік даму және жаңа жобалар департаментінің директоры Ақбота Рүстембекова.

Жақында қордың Алматыдағы филиалында жасөспірімдерге арналған курс ашылды. Бұл ерекше қажеттілігі бар балалардың аға-әпкелері. Қорда атап өткендей, мұндай балаларға да психологтардың көмегі қажет. Өйткені, олар да қоғам алдында ағасы немесе қарындасы үшін ұялады. Сөйтіп, көпшілігі назардан тыс қалып қояды. Өйткені, ата-аналар көп жағдайда барлық назарын ерекше балаға аударып кетеді.

– Орталықты қамқорлығында ерекше күтімді қажет ететін үш ана ашқан. Олар баланы оңалту үшін, ең алдымен, ананы сауықтырудан басталатынын түсінген. Бүгінде баланың диагностикасына бағытталған көптеген орталықтар бар, бірақ аналарға ештеңе жоқ.

Мұндай мәселеге тап болған әйел күйзеліске түседі, өзін жалғыз деп санайды. Міне, біз осындай аналарға олардың жалғыз емес екенін, өмірдің жалғаса беретінін, бәрі мүмкін, сіздің балаңыз басқалар сияқты деп түсіндіреміз. Сонда аналарда баламен жұмыс істеуге деген құлшыныс, өзін-өзі дамыту маңыздылығы және кәсібін де жаңа мақсаттар пайда болады. «Мама Про ның» олардан ерекшелігі – балаларға ғана емес, аналарына да көмек көрсетуінде», – дейді Елена Ким.

Қазақстанда 2018 жылы негізі қаланған «Мама Pro» әлеуметтік осал топ қатарына жататын әйелдерді қолдау және дамыту қоры кәсіпкерлік саласындағы заманауи білім алуға көмектеседі.

Айта кетейік, жақында Қор мемлекеттік тілде курстар ашуды жоспарлап отыр. Мамандардың мәліметінше, бүгінде Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар 100 мыңнан астам бала тұрады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
261-59-11, 259-88-99 (ішкі
0318) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

CORONA VIRUS 2020/KZ

ВАКЦИНАЦИЯДАН БҰРЫН

- 12-18 жастағы тұлғаға тексеру және сұрау ата-анасының немесе заңды өкілінің қатысуымен жүргізіледі;
- имундауға қарсы көрсетілмдер болмаса, егуге рұқсат ресімделеді;
- егілетін адамға және/немесе оның ата-анасына (заңды өкіліне) профилактикалық егу, ықтимал реакциялар мен имундаудан кейінгі жағымсыз жайттар, егуден бас тарту салдары туралы толық және объективті ақпарат беріледі.

ВАКЦИНАЦИЯДАН KEЙІН

ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН АДАМ 30 МИНУТ БОЙЫ ВАКЦИНА АЛҒАН ЖЕРДЕ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛАДЫ.

АТАЛҒАН РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ KEЙБІРІ ЕРЕСКЕРТЕРГЕ ҚАРАҒАНДА 12-15 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ЖІІ КЕЗДЕСЕДІ:

- инъекция орнындағы қызуару
- жүрек айну, құсу;
- лимфа түйіндерінің ұлғаюы
- өлсіздік
- қолдың ауыруы
- ұйқысыздық
- инъекция орнындағы қышу
- бөртпе сияқты аллергиялық реакциялар т.б.

ВАКЦИНАЦИЯДАН KEЙІН MYHAДАЙ РЕАКЦИЯЛАР БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ:

- инъекция орнын ауырыну, ісіну;
- шаршағыштық
- бас ауыруы
- бұлшықеттің ауыруы
- буын ауыруы
- қалтырау
- диарея
- қызу көтерілу

ИМУНДАУДАН KEЙІН ЖАҒЫМСЫЗ САЛДАР ТУЫНДАҒАН ЖАҒДАЙДА, МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКKE ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Тарих және пішін

Ө.Қастеев атындағы Қазақ мемлекеттік өнер мұражайында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Ескен Сергебаевтың «Тәуелсіздік тұғырымы!» атты көрмесі ашылды. Көрме шебердің 80 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған. Экспозицияға Ө.Қастеев атындағы МӨМ қорынан 70-тен астам туынды және автордың әр жылдардағы еңбегі кірді. Мүсінші, ең алдымен, бейнені бейнелеудің эпикалық күші өмірдің өтпелі сәттерінің романтикалық сезімдерімен үйлесетін монументалды жұмыстарымен танымал. Е.Сергебаев М.Әуезов, Өл.Фараби, Абай, Т.Жүргенов және т.б. танымал тұлғалардың ескерткіштерінің авторы.

Күні мен уақыты: күн сайын сағат 10.00-ден 17.30-ға дейін.

Өтетін орны: Ө.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3» ықшамауданы, 22/1).



Ерекше соқпақ

Алматылық тау жорықтарын сүйетіндер үшін жаңа бағыттардың бірі «Мың көз» жаяу соқпағы болды. Соқпақ Іле Алатауы ұлттық паркіне қақпа ретінде қызмет ететін «Аюсай» визит-орталығынан басталады. Оның ерекшелігі – көпшілік тау ландшафтына үйлесетін ерекше өнер туындыларын көре алады. Танымал қазақстандық суретші Санжар Жұбанов Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар бейнесін тас пен жартастан қашады. Тастарды ою шамамен бес айға созылды. Айта кетерлігі, жол ересектер мен жолға дайындығы бар балалар үшін қолжетімді. Сонымен қатар, Іле Алатауы ұлттық паркінің экологиялық туризм инфрақұрылымын дамытумен айналысатын «Аюсай» визит-орталығының командасы келушілер үшін түрлі шаралар, тау гидімен экскурсиялар және танымдық квест-ойын дайындады.

Өтетін орны: «Аюсай» визит-орталығы (Көкшоқы көшесі, 1 А, Аюсай шатқалы).



«Бір түп алма ағашы»

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры көрерменге «Бір түп алма ағашы» қойылымын ұсынады. Қойылым терең философиялық ойға құрылған.

Ана – күшті ағаш, балалар – жемістер. Ана балаларды сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен, біліммен нәрлендіреді және бәрін бірдей жақсы көреді, десе де әркім үшін оның құндылығы әртүрлі. Бір сәтте балалар әрқайсысы өз өмірімен айналысып, бір-біріне, өмір мәні болған жанға бей-жай қарай бастайды. Неліктен анасы құрғақ бұтақтары бар «жалғыз алма ағашына» айналды? Бұл табиғат заңы ма?

Әлімбек Оразбековтың сахналық қойылымы әр адамның жүрегіне жол табады.

Күні мен уақыты: 21 қараша, басталуы 18.30.

Өтетін орны: Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры (Абылай хан даңғылы, 38).

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Желтоқсаншылар
балалар үйіне
жәрдемдесті

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай өтіп жатқан «Патриоттық рух – басты құндылық» жобасы аясында желтоқсаншылар балалар үйінде қайырымдылық шарасын ұйымдастырды. Олар Алматыдағы «Жанұя» балалар үйіне барып, қажетті оқу-құралдары мен азық-түлік себеттерін табыстады. Сондай-ақ, өз естеліктерімен бөлісіп, егемендіктің мәніне тоқталып өтті.

Гүлмира МҰСТАФИНА,
«Желтоқсан жұлдыздары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

– Жасөспірімдерге моральдық тұрғыдан болса да, жалпы қайырымдылық шараларын жасасақ та, еш артықтығы жоқ. «Патриоттық рух – басты құндылық» бағдарламасы бойынша бірінші осы балалар үйіне келіп тұрмыз. Енді бұл бағдарлама арғы қарай да жалғасады. Басқа да балалар үйіне барып, осындай шаралар өткізіміз.

Медеу ауданында орналасқан «Жанұя» балалар үйінде 505 бала тәрбие-

леніп, білім алып жатыр. Мұнда олар спорттық үйірмелерге қатысып, білімімен қатар, біліктілігін шыңдауға мүмкіндік алады. Ал тәрбиешілердің айтуынша, дәл бүгінгідей кездесу балалардың ой түйіп, бой түзеуіне септігін тигізеді.

– Кездесу барысында біздің балалар көкейде жүрген сұрақтарын қойып, қажетті мағлұмат алып, болашақта пайдасы тиетін рухани азық алды деген ойдамын, – деді мамандандырылған «Жанұя» кешені КММ директорының орынбасары Айнаш Қалиева.



КӨРМЕ



«Біз жалғыз емеспіз»

Кеше Алматыда нигериялық танымал суретші Мозес Дуалдың көрмесі өтті. «Біз жалғыз емеспіз» экспозициясы қалалық мұражайға орналастырылды.



Шебердің еңбектерінде оның туған өлкесіне деген ностальгия көрінеді. Мозестің өзі соңғы 10 жылда Қазақстанда тұрып келеді.

– Осы уақыт ішінде адамдардың дүниетанымы өте өзгергенін байқадым. Көптеген адамдар саяхаттай бастады және қайтып оралды. Шет елде жүріп Қазақстанда жүзеге асыруға болатын идеялармен оралды. Бұл, әрине, елдің дамуына үлкен ықпал ететіні анық, – деді суретші.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Әлемге саяхат

Акордеоншы Талғат Полатов түрлі елдерге виртуалды-музыкалық саяхат жасауды ұсынады. Музыкант «Accordion: Парижден әуендер» атты жаңа бағдарламаны ұсынады. Концертте сіз Париждің романтикалық атмосферасына енесіз. Танго ырғағын, Италияның темпераменттік ырғағын, қазіргі авторлардың композицияларын және қазақ даласының жүрегіне жақын әуендерін тыңдайсыз.

– Менің міндетім – баян үнін көпшілікке кеңінен жеткізу. Бүгінгі таңда менің репертуарымда француз, итальян музыкасы, танго, латын, классика, фольклор және т.б. бар, – дейді Талғат Полатов.

Күні мен уақыты: 21 қараша, басталуы 19.00.

Өтетін орны: La Bohème шығармашылық театры (Зенков көшесі, 24).

Ой-Қарағай
шақырады

ұзындығы 22 шақырым болатын 20 тау шаңғысы және шана-баллон трассалары ашылды.

– 2021 жыл – курорт инфрақұрылымын жақсартуға және дамытуға арналды, – деп бөлісті бас директор Ерлік Балфанбаев.

– Біз Алматы мен Алматы облысының тау шаңғысы кластері тарихында алғаш рет Ой-Қарағай-ді Шымбұлақпен біріктіріп, бірыңғай skipass жасадық. Сондай-ақ, беткейлердің қар алаңын 40%-ға ұлғайттық, трассалардың жалпы ұзындығын ұлғайттық, қолданыстағыларын кеңейттік және нығайттық, жаңа шана-баллон трассасын салдық. Дәл қазір біз Аяз Ата резиденциясының құрылысын аяқтап жатырмыз және әлемдегі ең үлкен киіз үй – Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген Ақ-ауылды жаңартып жатырмыз. Тау-шаңғы беткейлеріне келетін болсақ, осы маусымда қолданыстағы 18 жолға тағы 2 қара жол қосылды. Кәсіби тау-шаңғы қауымдастығы мен қазақстандықтар тарапынан қызығушылық жыл сайын артып келе жатқанына куаныштымыз. Ой-Қарағай – Тянь-Шань тауының етегіндегі керемет табиғатымен қоршалған, барлық маусымды отбасылық тау курорты. Естеріңізге сала кетейік, ski-pass арнайы билетінің иегерлері Алматының 38 тау трассасының 45 шақырымында сырғанап, 19 көтергішті шексіз пайдалана алады.

Өтетін орны: Алматы облысы, Талғар ауданы, Ой-Қарағай шатқалы, Іле Алатауы.

«Ваш весь Федор
Достоевский»

«Ваш весь Федор Достоевский» фильмінің премьерасы Алматыдағы Kinopark 11 IMAX Esentai кинотеатрында өтті. Ол әлем классигінің туғанына 200 жыл толуын мерекеуге орайластырылған. Картина авторла-

ры ұлы классиктің өмірі туралы өз тарихын – күнделіктері мен хаттарынан құрды, ал киноның барлық репликалары жазушының дәйексөздеріне құрылған.

– Фильмде Достоевскийдің бірде-бір сөзі жоқ. Бұл суреттегі барлық сөздер – Федор Михайлович. Оны кім айтса да ол Достоевскийдің сөзі болып қала береді, – дейді фильмнің режиссері Константин Харалампидис. Басты рөлді орындаушы – Ресейдің танымал бишісі Владимир Белякин. Шоқан Уәлиханов рөлінде – Дунай Еспаев.

Күні мен уақыты: қала кинотеатрларының кестесін қадағалаңыз.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.